


**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ**

«Бекітемін»

Басқарма мүшесі – Әлеуметтік және
тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор

 Ж.Н.Базартай
« 08 » « 09 » 2025 ж.



**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
УНИВЕРСИТЕТ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ЖҰМЫСПЕН
ҚАМТЫЛУЫ БОЙЫНША ЖОЛ КАРТАСЫ**

Қызылорда қаласы, 2025 ж.

МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе.....	3
2. Ағымдағы жағдайды талдау.....	4
3. Жұмыспен қамту жол картасының мақсаты, негізгі міндеттері және мақсатты индикаторлары.....	5
4. Жұмыспен қамту жұмысының Жол картасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары	6 -7

КІРІСПЕ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің стратегиялық жоспарын нәтижелі орындау мақсатында университет бітіруші түлектер арасында жұмыспен қамту және заманауи жұмыс нарығына дайындау жұмыстарын үнемі жүргізіп тұру қажет. Жұмыспен қамту бағыты бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуына бағыт-бағдар беру және жұмыс орнындағы әлеуметтік-психологиялық адаптацияның жеңіл өтуіне дайындау болып табылады.

Жұмыспен қамту бағыты аясында білім алушылардың мүмкіндіктерін дамыта отырып, түлектердің жұмысқа орналасуын жүйелі түрде ұйымдастыру өте маңызды.

Түлектердің жұмыспен қамтылуын мақсатты түрде ұйымдастыру және жүргізу үшін университеттің жұмыспен қамту бағытын нақты жоспарлау қажет.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті түлектерінің жұмыспен қамтылуын арттыру мақсатында 2025-2026 оқу жылына арналған Жол картасы төмендегі құжаттарға негізделіп жасалған:

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық жоспары;

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 482-V бекітілген (2022.04.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 27 желтоқсан 2019 жылы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы №183 қаулысы және ҚР Ұлттық экономика министрлігінің 2014 жылғы 6 қарашадағы №72 бұйрығымен бекітілген «Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарламасы;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 516 бұйрығына 3-қосымша (2022.26.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы №390 қаулысымен (2021 жылғы 8 қаңтардағы №410-ҮІ ҚРЗ өзгеріс енгізілген) бекітілген маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтарды жұмысын өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидалары;

– Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы);

– Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 218 қаулысы);

– ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Еңбек нарығын дамытудың 2028 жылға дейінгі кешенді жоспары»;

– Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы.

Сонымен бірге, университет түлектерінің жұмыспен қамтылуын келесі жобалар аясында жүзеге асыру тиіс:

- «Алғашқы жұмыс орны» жобасы;
- «Ұрпақтар келісімі» жобасы;
- «Мамандығым-болашағым» жаңа мамандықтар атласы жобасы;
- «Қуатты өңірлер - ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы.

Барлық бітіруші түлектермен мемлекеттік бағдарламалар және жұмыспен қамтуға арналған жобалар туралы ақпаратпен бөлісу маңызды. Осыған байланысты, облыстық әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту басқармасымен тығыз жұмыс жасап, бітіруші түлектерге арнайы мамандармен кездесулер өткізу жоспарлануда.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында Рекрутинг және мансап бөлімі жанынан университет түлектерін қолдауға арналған «апгрейд» орталығы жұмысын жүргізуді жалғастырады.

АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

Даярлау бағыты	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Бакалавриат	2660	2299	2336
Жұмысқа орналасқан түлектер %	83	81	
Магистратура	418	378	243
Жұмысқа орналасқан түлектер %	85	85	
Докторантура	11	10	13
Жұмысқа орналасқан түлектер %	100	100	

2026 жылғы бітіруші түлектердің оқу нысаны бойынша контингенті

Оқу түрі	2026 жылғы бітірушілер саны
Бакалавриат	2 444
Магистратура	250
Докторантура	14
Барлығы	2 708

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖОЛ КАРТАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ, НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ МАҚСАТТЫ ИНДИКАТОРЛАРЫ

Мақсаты: Университет білім алушыларымен жүйелі түрде жұмыс жасап, жұмыспен қамту қызметін ұйымдастыру. Жүргізілетін барлық жұмыстарды уақытылы және сапалы орындалуын орталықтандыру. Жұмысқа орналасқан бітіруші түлектердің санын арттыру.

Негізгі міндеттері:

- Жұмыс берушілер кеңесінің құрамымен тығыз байланыс орнатып, жұмыс жасау;
- Облыстық әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту басқармасы және т.с.с. тығыз байланыс орнатып, жұмыс жасау;
- Түлектерді жұмыспен қамтуға қатысты атқарылған іс-шараларды университет сайтында, БАҚ және әлеуметтік желілерде ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу;
- Мемлекеттік білім беру тапсырысы және ауыл квотасы негізінде БББ бойынша білім алған түлектерге 3 жыл жұмыспен өтеу міндеті туралы ақпараттық –түсіндірме жұмыстарын жүргізу;
- 2024-2025 оқу жылында мемлекеттік білім беру тапсырысы және ауыл квотасы негізінде оқуын бітіретін студенттердің мәліметтерін «Қаржы орталығы» АҚ «Жас мамандарды есепке алу» жүйесіне енгізу;
- Бітіруші курс студенттерді, университет түлектерін бос жұмыс орындар жәрмеңкелеріне қатыстыру;
- «Апгрейд» орталығының жұмысын жүйелі түрде жүргізу.

Мақсатты индикаторлары:
Бакалавриат

№ р/с	ИНДИКАТОРЛАР:	2024 жыл		2025 жыл		2026 жылға жоспар
		Жоспар- ланған	Орын- далған	Жоспар- ланған	Орын- далған	
1.	Оқуды аяқтағаннан кейін 1-ші жылы жұмысқа орналасқан бітірушілердің үлесі (бітірушілердің жалпы санынан) %	76	71	77	57	78
3.	Басшылық позициядағы түлектердің үлесі %	1,2	1,7	1,2	1,2	1,5

**ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУЫ БОЙЫНША
ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

№	Жұмыс түрі	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1.	2025-2026 оқу жылына арналған университет түлектерінің жұмыспен қамтылуы бойынша жол картасын әзірлеу	Қыркүйек 2025 жыл	А.С.Мырзабай, А.Қ.Жұмағұлова, Н.Шәкімардан
2.	Түлектерді жұмыспен қамтуға қатысты атқарылған іс-шараларды университет сайтында, БАҚ және әлеуметтік желілерде ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы	А.С.Мырзабай, А.Қ.Жұмағұлова, Н.Шәкімардан
4.	Бітіруші курс білім алушыларға арналған сауалнама жүргізу	Қыркүйек, наурыз 2025-2026 жыл	А.С.Мырзабай, А.Қ.Жұмағұлова, Н.Шәкімардан
5.	«Mansap Navigator 3.0» бітіруші түлектерге арналған бос жұмыс орындар жәрмеңкесін өткізу	Қараша 2025 жыл	А.С.Мырзабай, А.Қ.Жұмағұлова, Н.Шәкімардан
6.	«Мүмкіндіктер алаңы» инновациялық сессиясын өткізу (Хакатон)	Қараша 2025 жыл	А.С.Мырзабай, Ж.Тубекбаев, А.Қ.Жұмағұлова, Н.Шәкімардан
7.	Шетелдік жұмыс беруші компаниялармен байланыс орнатып, 3-4 курс білім алушыларын тағылымдамадан өткізу мүмкіндігін жасау	Желтоқсан 2025 жыл	А.С.Мырзабай, А.Қ.Жұмағұлова, Н.Шәкімардан
5.	Облыстық әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту басқармасымен тығыз жұмыс жасап (Дипломмен ауылға, Жастар практикасы), бітіруші түлектерге арнайы мамандармен	Жыл бойы (кесте бойынша)	А.С.Мырзабай, А.Қ.Жұмағұлова, Н.Шәкімардан

	кездесулер өткізу		
6.	Бітіруші курс студенттеріне магистратураның білім беру бағдарламаларын насихаттау	Жыл бойы	А.С.Мырзабай, А.Қ.Жұмағұлова, Н.Шәкімардан
7.	Мемлекеттік білім беру тапсырысы және ауыл квотасы негізінде білім алған түлектерге 3 жыл жұмыспен өтеу міндеті туралы ақпараттық – түсіндірме жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы (кесте бойынша)	А.С.Мырзабай, А.Қ.Жұмағұлова, Н.Шәкімардан
8.	2024-2025 оқу жылында мемлекеттік білім беру тапсырысы және ауыл квотасы негізінде бітірген түлектердің жұмысқа орналасқандығы туралы қосымша мәлімет жинақтап, «Қаржы орталығы» АҚ есеп дайындау	Жылына екі рет	А.С.Мырзабай, А.Қ.Жұмағұлова, Н.Шәкімардан
9.	БББ бойынша жұмыс берушілермен кездесулер ұйымдастыру	Жыл бойы (кесте бойынша)	А.С.Мырзабай, А.Қ.Жұмағұлова, Н.Шәкімардан
10.	2025-2026 оқу жылында мемлекеттік білім беру тапсырысы және ауыл квотасы негізінде оқуын бітіретін студенттердің мәліметтерін «Қаржы орталығы» Акционерлік Қоғамының «Жас мамандарды есепке алу» жүйесіне енгізу	Ақпан 2026 жыл	А.С.Мырзабай, А.Қ.Жұмағұлова, Н.Шәкімардан
11.	Институттар бойынша жұмыспен қамтылған және жұмыссыз жүрген түлектер туралы мәлімет жинақтау	Жыл бойы	А.С.Мырзабай, А.Қ.Жұмағұлова, Н.Шәкімардан
12.	2025-2026 оқу жылында мемлекеттік білім беру тапсырысы және ауыл квотасы негізінде оқуын бітіретін жас мамандарды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру немесе жұмысын өтеу жөніндегі міндетінен босату жұмыстарын жүргізу	Мамыр – шілде 2026 жыл	А.С.Мырзабай, А.Қ.Жұмағұлова, Н.Шәкімардан
13.	Бітіруші курс студенттерді, университет түлектерін бос жұмыс орындар жәрмекелеріне қатыстыру	Жыл бойы	А.С.Мырзабай, А.Қ.Жұмағұлова, Н.Шәкімардан
14.	Жұмыс берушілер базасына аудит жүргізу және өзектендіру, Жұмыс берушілер кеңесінің құрамын қалыптастыру және бекіту, жұмысын үйлестіру	2025-2026 оқу жылы	А.С.Мырзабай, А.Қ.Жұмағұлова, М.Б.Базарханова
15.	Жұмыс берушілер кеңесінің отырыстарын өткізу	Жылына екі рет	А.С.Мырзабай, А.Қ.Жұмағұлова, М.Б.Базарханова

Рекрутинг бөлімі және мансап
орталығының басшысы



А.С.Мырзабай